

**Астана қаласы Мәдениет басқармасының 2011-2013 жылдары Құқық бұзушылықтардың алдын алу  
аймақтық бағдарламасының орындалу барысы туралы ақпарат**

№ п/п	Іс-шаралар	Аяқталу үлгісі	Орындауға жауапты	Орындалу мерзімі	Орындалу барысы туралы ақпарат
<b>2011</b>					
2.	«Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» ҚР Заңының нормалары мен бағдарламалық іс-шараларын орындау үшін мемлекеттік мекемелерде жауаптыларды тағайындау	Бұйрық	ІД, ББ, ДБ, МБ, БҚҚД, ҚАЖД, ІСБ, ЖҚӘББ	2011 ж., қаңтар	«Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» ҚР Заңының нормалары мен бағдарламалық іс-шараларын орындау үшін жауаптылар Заң қызметі және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы К.Әбжан, Өнер бөлімінің бастығы Б. Жүсіпова, осы сұрақты бағыттайтын бастықтың орынбасары Т. Познякова «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ бастығының бұйрығымен тағайындалды (24.01.2011ж. № 08-02/28)
3.	Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша маскүнемдіктің алдын алу, ұрлық жасау қылмысы және отбасылық-тұрмыстағы жанжалдың әсерінен болатын қылмыс, сонымен қатар тұрмысы нашар отбасыларды анықтау және олармен алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруда учаскелік полиция инспекторлары, кәмелетке толмағандар ісі бойынша инспекторлар мен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету	Әкімге ақпарат	ІД, ББ, ДБ, МБ, ҚАЖД, ЖҚӘББ, БҚҚД	Жыл сайын	2011 жылғы 15 қыркүйектен 15 қазан аралығында Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде құқықтық білімді насихаттау айлығы өтуде. Айлық шеңберінде: ақпарат күндері, құқық тақырыбындағы жарияланымдар көрмесі, оқушылар арасында қылмыстық, азаматтық, әкімшілік негіздерін түсіндіру сағаттары. Мысалы, «Сен азаматсың, ал бұл деген ...», «Өзің үшін қиын ізденіс» және т.б. Барлығы насихаттау айлығы аясында 18 іс-шара өткізілді, оларға 540 адам қатысты.

15.	Тұрғындар мен полициялар арасындағы байланысты нығайту мақсатында мектепке дейінгі балалармен «Мен және менің полициям» жобасын іске асыру	Әкімге ақпарат	Аудан әкімдері, ЦД, ББ, МБ	Жыл сайын	«Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ құқықтық білімді насихаттау айлығы аясында «Мен және менің полициям» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жұмыстың негізгі нысаны «Правовое поле» - «Уголок несовершеннолетних», «Сам себе адвокат» және т.б. болды. № 8 балалар кітапханасында балалар мен кәмелетке толмаған балалар ісі бойынша инспектордың кездесуі өткізілді («Сарыарқа» ауданы). Барлық кітапханаларда «Мен және менің полициям» атты көрмелер жұмыс істеді.
27.	Тұрмысы төмен отбасылардың мен ішкі істер бөлімінде есепте тұрған балаларды жазғы демалыс уақытында денсаулықтарын сауықтыру демалысын ұйымдастыру.	Әкімге ақпарат	ББ, ІБ, БҚҚД, МБ	2011-2013жж. қыркүйек	<p>Жазғы кезеңде мәдениет кәсіпорындары халықтың, оның ішінде балалардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша өз жұмысын өзгертті. Балалардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша жоспар жасалған. Іс-шаралар жоспарында қосымша білім беру және үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен жұмыс көзделген. Қала мұражайлары жазғы жұмыс кестесіне көшіп, жұмыс күнін сағат 19.00-ге дейін ұзартты, сенбі мен жексенбі күндерді қоса (дүйсенбі – демалыс күні). Орталықтандырылған кітап-ханалар жүйесінің балалар кітапханалары жазғы жұмыс кестесіне көшті. Кітапханалардың жұмыс күні – сағат 19.00-ге дейін ұзартылды.</p> <p>Қазіргі заманғы өнер мұражайында көркемдік шығармашылық балалар көрме-байқаулары жұмыс істеді. 2011 жылдың маусым айында «Кел балалар, оқылық!» атты көркемдік шығармашылық балалар көрме-байқауы жұмыс істеді. Іс-шаралардың көбісі «ШАНС» кәмелетке толмағандардың әлеуметтік оңтайландыру орталығының қатысуымен өтеді.</p> <p>Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені Ақмол ауылының әкімдігімен бірлесіп, ИДН-де есепте тұрған</p>

				<p>тұрмысы қолайсыз және тұрмысы төмен отбасылардың балаларына арнап түрлі іс-шаралар өткізді.</p> <p>Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын қала кітапханалары ұйымдастырады. Жазғы кезеңге «Жаз - 2011» бағдарламасы жасалған. Аталған бағдарламаның аясында «Жазда мен кітаппен достасам», «Жас натуралистер парағы, журналы», «Жаз ізденістер мезгілі» іс-шаралары; «Білім қазынасы», «Ерте, ерте, ертеде: жаздың кілті» атты ертегілер сағаттары өткізілді. Жұмыстың мақсаты – кәмелетке толмаған оқырмандардың көшеде қараусыз жүрмеуіне мүмкіндік береді.</p> <p>М. Горький атындағы орыс драма театрының репертуарында балалар мен жасөспірімдер арналған 13 спектакль бар. 1 маусымнан бастап театрдың репертуары қаладағы мектеп лагерлерінің жұмыстарымен келісіп жасалады. Балаларға арналған ертегілер сейсенбіден жексенбіге дейін сағат 10.30 және 12.00 қойылады. Оқушылардан басқа, театрдың ертегілерін балалар ата-аналарымен бірге, мектепке дейінгі мекемелерінің тәрбиеленушілері, отбасылық-дәрігерлік амбулаториялардың балалары тегін тамашалайды. Бұдан басқа, театр мүмкіндіктері шектеулі балаларға және тұрмысы төмен отбасылардың балаларына қайырымдылық спектакльдер көрсеткен. Сондай-ақ, театр нашақорлықпен маскүнемдікке тәуелді адамдардың және тұрмысы қолайсыз отбасылардың жасөспірімдерін бейімдеу бойынша белсенді жұмыс жасайды. Апта сайын бейімдеу көмек аясында (арт-терапия) театрдың спектакльдерін ресми және анонимдік бейімдеу орталықтарының жастары көреді. Осы жұмыстарды театр Астана қаласының жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы,</p>
--	--	--	--	---

					<p>«Көпбалалы отбасылар кеңесі» ҚБ және т.б. бірлесіп жасайды.</p> <p>Астана қаласының Қуыршақ театры аудан әкімдіктерімен бірлесіп тұрғын үй кешендердің аулаларында қойылымдарды көрсету жоспар-кестесін жасап, орындады.</p> <p>Астаналық цирк барлық қойылымдарға тұрмысы қолайсыз және тұрмысы төмен отбасылардың балаларын шақырады. Сонымен қатар, «Нұр Отан» ХДП-мен бірлесіп қайырымдылық акциялар мен цирк әртістері балаларға цирк бойынша экскурсияларды өткізеді.</p>
<b>2012</b>					
2.	«Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» ҚР Заңының нормалары мен бағдарламалық іс-шараларын орындау үшін мемлекеттік мекемелерде жауаптыларды тағайындау	Бұйрық	ІІД, ББ, ДБ, МБ, БҚҚД, ҚАЖД, ІСБ, ЖҚӘББ	2011 ж., қаңтар	«Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» ҚР Заңының нормалары мен бағдарламалық іс-шараларын орындау үшін жауаптылар «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ бастығының бұйрығымен Заң қызметі және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы К.Әбжан, Өнер бөлімінің бастығы Б. Жүсіпова, осы сұрақты бағыттайтын бастықтың орынбасары Т. Познякова тағайындалды (24.01.2011ж. № 08-02/28)
3.	Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша маскүнемдіктің алдын алу, ұрлық жасау қылмысы және отбасылық-тұрмыстағы жанжалдың әсерінен болатын қылмыс, сонымен қатар тұрмысы нашар отбасыларды анықтау және олармен алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруда учаскелік полиция	Ақпарат	ІІД, ББ, ДБ, МБ, БҚҚД, ҚАЖД, ЖҚӘББ	Жыл сайын	№3 балалар кітапханасының қызметкерлері кәмелет жасына толмаған балаларды уақытша шектеу, бейімдеу және оңалту орталағымен тығыз байланыста, ал №8 көпшілік кітапханасының қызметкерлері Кәмелетке толмаған балалар паналау үйі тәрбиешілерімен бірлесіп жұмыс жасайды. Жазғы мерзімде кітапханалармен алдын алу әлеуеттілігі бар жұмыстардың барлық түрлерін тиімді іске асыру үшін "Жаз – жоғалту емес, тапқырлар уақыты" жоспары жасалды. Жоспар балалармен барлық әйгілі кітапханалық жұмыстар түрлерінен қуыршақ театрының театрландырылған көріністері, ойын-шолулар, әдеби саяхаттар, сайыстарға

	инспекторлары, кәмелетке толмағандар ісі бойынша инспекторлар мен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету				қатысу, викториналар. Осылай, қызық өткендері - "Ертегіде қонақта" әдеби саяхат; "Маусымның гүлі" гүлдер мерекесі. "Арман" (Алексеевка), "Батыр" (Ерментау) лагерлеріне демалысқа шыққан кәмелетке толмаған балалар паналау үйі балаларына «Жаздың керемет кештері» лагерлер аудиторияларында өткізіген демалыс-кеші және тағы басқа шаралар. №8 көпшілік кітапханасының қызметкерлері Паналау үйі балаларымен бірлесіп бірнеше күндері жемісті өткізді. №3 балалар кітапханасының қызметкерлері КШБОО балалар үшін "Ғажайып кереметтер және сыйқырлар елі" ертегі бойынша саяхатты; "Балдырған бақытты болып өс!" құқықтық сабағы ұйымдастырды
15.	Тұрғындар мен полициялар арасындағы байланысты нығайту мақсатында мектепке дейінгі балалармен «Мен және менің полициям» жобасын іске асыру	Ақпарат	ПД, ББ, МБ, аудан әкімдері	Жыл сайын	Қала кітапханаларында «Мен және менің полициям» акциясы аясында дәстүрлі іс-шаралар өткізіледі. Мақсаты – төменгі және жоғарғы мектеп жасындағы оқырмандарды, олар арқылы ата-аналарын, үлкендерді, біздің полицияның жұмысымен таныстыру; қоғамдық жерлерде және қала жолдарында өзін өзі ұстау тәртіптеріне үйрету. Мысалы, №3 балалар кітапханасында (Жеңіс даңғылы, 61) Сарыарқа ауданы полиция инспекторы–аға лейтенант Т.Қошқарбаев және лейтенант Н.Серпутко балалармен «Жазғы демалыстағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбына кездесу өткізді. Кездесуге №14 орта мектептің 21 оқушысы қатысты. Бүгінде полиция капитандары №4 және №12 көпшілік кітапханаларында болды. Мысалы, өткен жылдың 28 маусымында №4 көпшілік кітапханада Өндіріс кешені ОП-24 полиция капитаны Н.Туляпова осы кітапхананың оқырмандарымен «Полиция қызметкері дос және қорғаушы» тақырыбына кездесу өткізді. Кездесуде үлкендер мен кішілерде құқықтық кеңестер алды. ОП-№4 полиция капитаны

					Е.Перденов Луи Пастор, 73 жатаханасында ораналасқан №12 көпшілік кітапханасы оқырмандарымен кездесу өткізді. Бұл кездесуге 18 адам қатысты
27.	Тұрмысы төмен отбасылардың мен ішкі істер бөлімінде есепте тұрған балаларды жазғы демалыс уақытында денсаулықтарын сауықтыру демалысын ұйымдастыру	Ақпарат	ББ, ПД, БҚҚД, МБ	қыркүйек	<p>Қала кітапханаларында «Жаз - 2012» бағдарламасының аясында №3 балалар кітапханасы және «Свет» ПИК-тің ұйымдастыруымен «Аулада ойнайық» атты көңілді старттар, №4 көпшілік кітапханасында «Лето с книгой – это хорошо!» пайдалы оқу сағаты, №12 көпшілік кітапханасында «Ведут беседу двое: я и книга» ойын-викторина өткізілді. Қала кітапханаларының қызметкерлері «Балалық шағым»; «Пусть детство звонкое смеётся»; «Нам нужен мир, трава в росе, улыбочное детство» атты кітап көрмелерін ұйымдастырды. Оқырмандар ғажайып жаңа кітаптар қаласына саяхат жасап, түрлі тақырыптар бойынша танырлық тапсырыстар орындады. Қазіргі заманғы өнер мұражайында балалар көркемдік шығармашылық көрме-байқаулар жұмыс істеді. 22 мамырдан бастап 6 шілдеге дейін «Астана – түрік мәдениетінің астанасы» атты балалар көркемдік шығармашылық көрме-байқаулар өткізілді. 29 мамырдан бастап 25 маусымға дейін «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген...» атты көрме ұйымдастырылды, көрмеге мектеп лагерлерінің балалары және арт-центр «Персона+» келді. 1-28 маусым аралығында Бақытнұр Бурдесбековтың «Ғасыр әуені» атты жеке көрмесі өткізілді, көрмеге №6 гимназия лагерінің, №3 мектеп-гимназияның, №65 мектеп-гимназияның, № 67 орта мектептің және арт - центр «Персона +» келді.</p> <p>Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені Ақмол ауылының тұрмысы төмен отбасылардың балаларына арнап «Ақ жаулықты аналар», «Узницы «АЛЖИРА»,</p>

					<p>«АЛЖИР» - наша память и боль», «Дети Гулага» атты көрмелерді өткізіп, «История политических репрессий 30-50-х годов XX века», «Жертвы Гулага» тақырыптарына дәріс оқыды.</p> <p>Театрдың негізгі көрермендерін (70%) мектеп, колледж және жоғарғы оқу орындарының оқушылары, оның ішінде әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары, ішкі істер органдарында есепте тұрған жасөспірімдер құрайды. Театр белсенді түрде өз репертуарына мәңгілік, заманауи тақырып болып табылатын туған жерге деген махаббат пен сүйіспеншілік, адамның күш-жігері, сондай-ақ, нашақорлық, балалар арасындағы жалғыздық, қайырымдылық және тағы басқа тақырыптағы қойылымдарды енгізуде. Бұл тақырыптар театр сахнасынан қайырымдылыққа, әдептілік пен шыншылдыққа үйрететін балаларға арналған әуенді қойылымдарды көру арқылы баланың бойына жас күнінен сіңеді. Жас көрермендермен жүргізілетін театр жұмысын кішкене және орта жастағы балалармен театрда экскурсия жүргізу, сонымен қатар, балалардың көңіл-күйін көтеруге арналған ойындар өткізу шаралары толықтыруда. 2012 жылы театрда 5 жаңа қойылым сахналанды: әлемдік классика К.Гольдони «Кьоджинские перепалки», заманауи драма И.Вырыпаев «Валентинов день», Л.Толстойдың «Плоды просвещения» комедиясы негізіндегі «Милости просим, господа неверующие», сондай-ақ балаларға арналған достықты қадірлеуге үйрететін С.Астраханцевтың «Маленькая история Маленького Мука» және М.Бартенеvтің «Волшебные слова» (әдептілік туралы ертегі) ертегілері. Есірткіге жақындамауды дәріптеу мақсатында, есірткіге қарсы мемлекеттік бағдарлама</p>
--	--	--	--	--	---

					<p>аясында сахналанған Б.Пармановтың «Пропасть» қойылымының көрсетілімі барысында театр залының бірінші қабатында есірткі мен темекіге тәуелділік және СПИД дертіне арналған көрме ұйымдастырылды.</p> <p>Астана қаласының Қуыршақ театры аудан әкімдіктерімен бірлесіп шілде айында тұрғын үй кешендердің аулаларында «Қуыршақтар әлемі» қайырымдылық акциясын өткізді.</p> <p>Астаналық цирк барлық қойылымдарға тұрмысы қолайсыз және тұрмысы төмен отбасылардың балаларын шақырады. Сонымен қатар, цирк әртістері балаларға цирк бойынша экскурсияларды өткізеді.</p>
<b>2013</b>					
3.	«Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» ҚР Заңының нормалары мен бағдарламалық іс-шараларын орындау үшін мемлекеттік мекемелерде жауаптыларды тағайындау	Бұйрық	ІД, ББ, ДБ, МБ, БҚҚД, ҚАЖД, ІСБ, ЖҚӘББ	2013ж. сәуір	«Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» ҚР Заңының нормалары мен бағдарламалық іс-шараларын орындау үшін жауапты «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ бастығының бұйрығымен осы сұрақты бағыттайтын бастықтың орынбасары С. Тергембаев тағайындалды (04.04.2013ж. № 08-02/62)
9.	2011-2013 жылдарға арналған құқық бұзушылықтардың алдын алу аймақтық бағдарламасының аясында өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты ведомстволық сайтта орналастыру	Ведомстволық сайтта ақпарат	ІД, ББ, ДБ, МБ, ІСБ, ЖСсББ, ЖҚӘББ, ТДТСБ, ӘД, БҚҚД, ҚАЖД	Тұрақты	Астана қаласы Мәдениет басқармасының ресми сайтында <b>madeniet.astana.kz</b> 2011-2013 жылдарға арналған құқық бұзушылықтардың алдын алу аймақтық бағдарламасының аясында өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат орналастырылған